



«Евразийский национальный
университет имени Л.Н.Гумилева»

Экономический факультет

Кафедра учет и анализа

ФГАОУ ВО «Российский
университет дружбы народов»

Экономический факультет

Кафедра бухгалтерского учета,
аудита и статистики

**«МЕЖДУНАРОДНЫЕ СТАНДАРТЫ УЧЕТА И АУДИТА:
ПРАКТИКА ПРИМЕНЕНИЯ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ
ЭКОНОМИКИ»**

Сборник статей Международной научно-практической

On-line конференции

18 февраля 2022 года

УДК 657(47+57)

ББК 65.053

П78

Рекомендовано к печати Ученым советом
Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

Рецензент – доктор экономических наук, профессор *Алиев М.К.*

Научные редакторы:

заведующая кафедрой учета и анализа ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, кандидат экономических наук, ассоциированный профессор *Г.Д. Аманова*
заведующая кафедрой бухгалтерского учета, аудита и статистики РУДН, кандидат экономических наук, доцент *М.В. Петровская*

П78 «Международные стандарты учета и аудита: практика применения в условиях цифровой экономики»: сборник статей Международной научно-практической конференции, 18 февраля 2022 г. – Нур-Султан: ЕНУ им Л.Н.Гумилева, 2022. – 575 с.

ISBN 978 601 337 121 4

Сборник статей научно-исследовательских работ студентов, магистрантов, докторантов, профессорско-преподавательского состава по итогам Международной научно-практической конференции 18 февраля 2022 г.

Предназначен для широкого круга читателей.

Электронная версия материалов сборника размещается на сайте www.enu.kz

Сборник научных статей участников конференции подготовлен по материалам, представленным в электронном виде. Ответственность за содержание материалов несут авторы статей.

© Коллектив авторов, 2022
© ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, 2022
© Российский университет дружбы народов, 2022

ISBN 978 601 337 121 4

Балық шаруашылығы ұйымындағы есепті ұйымдастыру ерекшеліктері

*Кайранбеков Бауржан Окташевич,
«Есеп және талдау» кафедрасының доценті
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

Особенности организации бухгалтерского учета в организации рыбного хозяйства

*Кайранбеков Бауржан Окташевич,
доцент кафедры «Учет и анализ»
Евразийский национальный университет Л.Н.Гумилева*

Аннотация. В данной статье рассматриваются какие виды первичных учетных документов используются в связи с приобретением рыбной продукции и как вести бухгалтерский учет.

Ключевые слова: разведение нерестовой рыбы, рыбная мука, масло, йод, маннит, агар и др. из морских растений обработка лекарственных веществ, учет биологических активов и т.д.

Features of the Organization of accounting in the organization of fisheries

*Kairanbekov Baurzhan
Assistant Professor of the Department
Accounting and Audit
L.N. Gumilyov Eurasian National University*

Annotation. This article discusses what types of primary accounting documents are used in connection with acquisition of fish products and how to keep accounting records.

Keywords: breeding of spawning fish, oil, iodine, mannitol, agar, etc. from marine plants, of medical substances, accounting of biological assets, etc.

Балық шаруашылығы – ауыл шаруашылығының балық аулау, тасымалдау, қорғау және өсірумен, өңдеумен, су өсімдіктерін жинаумен шұғылданатын саласы. Балық шаруашылығы бағалы тағамдар, балық ұны, майы, теңіз өсімдіктерінен йод, маннит, агар т.б. емдік заттар, мал азығы мен техникалық өнімдер өндіреді.

Балық шаруашылығымен айналысамын деушілер үшін ғылыми кеңес беретін мекемелер бар. Мәселен, «Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС балық шаруашылығының, оның ішінде гидробиология, ихтиология, аквамәдениет саласындағы барлық сұрақтарға әдістемелік-консультациялық көмек көрсетеді. Сондай-ақ, зерттеу институтында жасалған замануи жобалар тауарлық өнімді өсіріп-көбейтуге көмектеседі.

Балық шаруашылығы ауыл шаруашылығындағы басты саланың бірі болып табылады. Балық шаруашылығынан балықтан өнімдермен, емдік дәрілер мен мал азығымен қамтамасыздығы тікелей байланысты. Осыған орай балық шаруашылығы кәсіпорындары алдында барлық экономикалық мүмкіншілікті пайдаланып, балық шаруашылығы өнімдерінің өнімділігімен өндірістің тиімділігін арттыру міндеті тұр. Бұл міндетті орындауда басқару жүйесінің бірі болып табылатын бухгалтерлік есептің атқаратын міндеті зор.

Балық шаруашылығы– ауыл шаруашылығының балық аулау, тасымалдау, қорғау және өсірумен, өңдеумен, су өсімдіктерін жинаумен шұғылданатын саласы. Балық шаруашылығы бағалы тағамдар, балық ұны, майы, теңіз өсімдіктерінен йод, маннит, агар, т.б. емдік заттар, мал азығы мен техникалық өнімдер өндіреді.

Қазақстанда 1919 жылы Гурьев (қазіргі Атырау) қаласында Жайық – Жем балық аулау және аңшылық басқармасы, Арал қаласында Түркістан өлкелік балық шаруашылығы басқармасы ұйымдастырылды. Кейін бұл сала тұтынушыларға тағамдық белоктың 20%-ын беретін, қуатты аулау кемелерімен жабдықталған, өндірістік процестері механикаландырылған аса іргелі тамақ индустриясына айналды.

Балық шаруашылығында бағалы тұқымдық балықтарды өсіріп, көбейтетін балық питомниктері, тауандарлы-көл және тоған шаруашылықтары, машина-мелиоративтік

станциялары, арнайы оқу орындары, балық сататын фирмалық дүкендері жұмыс істейді. Қазақстанның мыңдаған ірілі-ұсақты көлдері мен өзендері балық шаруашылығы қызмет етеді. Олардың жалпы аумағы 7,5 млн. га шамасында.

Су айдындарының ең ірілері: Каспий теңізі, Балқаш, Алакөл, Зайсан көлдері, Қапшағай, Бөген, Бұқтырма бөгендері, Жайық, Ертіс, Есіл өзендері. Дүние жүзі бойынша ауланған бекіре балықтарының 90%-ы Қазақстан балық шаруашылығының үлесіне тиеді. Қазіргі кезде республикада экологияның нашарлауына байланысты су айдынын қорғау, оларды ұдайы мелиорациялау, кәсіптік балықтардың сапасын жақсарту, балық өсіру жұмыстары жүргізілуде. Бұл міндет Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтына және балық қорғау ұйымдарына жүктелген.

Балық шаруашылығы шығындарын есептеу үшін әртүрлі алғашқы құжаттар қолданылады. Ол құжаттарды келесідей топтастыруға болады:

- еңбек бұйымдары шығындарының құжаты;
- еңбек құралдары шығындарының құжаты;
- еңбекақыға байланысты шығындардың құжаты;
- алынған өнімді қабылдау құжаты [1, 56 б.].

Балық шаруашылығында қолданылатын бастапқы құжаттар тізбесі:

- БА-1 Биологиялық активтерді (жануарларды) қабылдау-жіберу актісі;
- БА-2 Биологиялық активтер (жануарлар) есебінің инвентарлық карточкасы;
- БА-3 Биологиялық активтерді (жануарларды) есептен шығару актісі;
- Инв-9 Биологиялық активтердің инвентарлық тізімі
- Инв-17 Биологиялық активтерді түгендеу нәтижесінің салыстыру тізімдемесі
- өнімді өткізу орындарына жіберу үшін тауар-көлік жүкқұжаты пайдаланылады.

Құжатта өнімнің осы түрінің ерекшеліктерін және оның сапасын көрсететін барлық қажетті деректемелер көзделген: буып-түю тәсілі, саны, нетто салмағы, брутто салмағы, массаны анықтау тәсілі, жүк сыныбы, зертханалық талдау деректері [1, 60 б.].

Балық шаруашылығының салалық ерекшеліктері бойынша бухгалтерлік есепті ұйымдастыру өндіріс процесін таңдау (толық жүйелі, толық жүйелі емес), толық жүйелі шаруашылықтарда (шабақтар, бір жылдық, тауарлық балық) шығындарды есепке алудың және өзіндік құнды есептеудің бірнеше объектілерінің болуы; өндірістік процестің кезеңдері бойынша және өспелі қорытындымен шығындарды есепке алуды ұйымдастыру; толық жүйе шаруашылықтарында аяқталмаған өндірістің (қыстайтын тоғандардағы сеголеткалардың құны) болуы; толық жүйе шаруашылықтарында талдамалы шоттардың егжей-тегжейлі жүйесін пайдалана отырып, шығындарды есепке алуды ұйымдастыру; негізгі, қосалқы және қызмет көрсететін өндірістердің шығындарын бөлу; толық жүйе шаруашылықтарында технологиялық топтарға бөлмей, бір талдамалы шотта есеп жүргізу; толық жүйе шаруашылықтарында аяқталмаған өндірістің болмауы; толық жүйе шаруашылықтарында шығындарды есепке алудың бір әдісін қолдану. Су айдынының қалыптасқан табиғи жағдайларына және балық отырғызу тығыздығына байланысты өндірістік қызметтің ауқымы су объектілерін өндірісте пайдалану кезінде тоғанды ұстау бойынша ерекше шығындар (суды талдау, суды аэрациялау), маусымдылығы, өндірістік циклдың ұзақтығы, онда әртүрлі циклдардың, жұмыс сатыларының болуы кезеңдер бойынша шығындарды есепке алу: тоғандарды балықтандыруға дайындау, балықтандыру, өсіру, тоғандарды аулау және т.б. Уылдырық лақтыру кезеңінде табынды шабақтар пайда болғанға дейін болатын арнайы уылдырық шашу су айдындарына отырғызады. Туған шабақтарды аулап, өсірілген су қоймаларына орналастырады [2, 31 б.].

«Тұқымдық балықтарды ұстау» талдамалы шотында аналық тоғандарда тұқымдық балықтарды ұстау бойынша шығындар ескеріледі, оларға аналық тоғандарға енгізілетін жұмсалған азықтардың, тыңайтқыштардың құны, өндірушілерді күту бойынша жұмысшылардың еңбекақысы, аналық тоғандарды амортизациялау және жөндеу, оларды ұстауға байланысты басқа да шығыстар жатады. «Балықтардың аналық табындарын өсіру және ұстау» талдамалы шотында балықтарды күтіп-ұстауға арналған аналық табын және олар

ұсталатын тоғандарды күтіп-ұстауға арналған шығындардың есебі жүргізіледі. Шабактарды өсіру жөніндегі шығындарды есепке алу үшін «шабактарды өсіру» талдамалы шоты пайдаланылады, онда: инкубациялық цехтарды, уылдырық шашу тоғандарын, аналық тоғандарды, жасөспірімдік шабақты тоғандарды ұстау бойынша; тұқымдық балықтарды және аналық табынды ұстау және оларға қызмет көрсету бойынша; тоғандарында шабактарды өсіру бойынша шығындардың құны ескеріледі [3, 95 б.].

Екі жылдық балықтарды өсіру бойынша шығындарды есепке алу үшін «Екі жылдық балықтарды өсіру» талдамалы шоты пайдаланылады, онда жыл басынан оларды аулаған сәтке дейін тоғанды ұстау бойынша шығындарды, сондай-ақ өткен жылдың тоғандарды аулаудан және жылдың соңына дейін ұстау бойынша шығындарды есепке алады. Тауарлық балықтарды өсіру бойынша шығындар «Тауарлық балықтарды өсіру» аналитикалық шотында ескеріледі және оларға мыналар енгізіледі: тауарлық балықтарды ұстау және өсіру бойынша шығыстар; айдауыл тоғандарын оларды аулағанға дейін ұстау бойынша шығыстар; айдауыл тоғандарына жіберілген екі жылдық балықтардың нақты өзіндік құны.

«Қыстайтын тоғандарда тауарлық балықтарды ұстау» талдамалы шотында қыстайтын тоғандарда тауарлық балықтарды балықтандыру сәтінен бастап тоғандарды аулауға дейінгі ұстау бойынша шығындар есепке алынады. Өнімнің өзіндік құнын есептеу кезінде калькуляциялық бірліктерді, яғни орындалған біртекті жұмыс көлемін немесе өсірілген өнімді өлшеу үшін қабылданған шамаларды анықтау қажет [4, 101 б.].

Дайын өнім бірлігінің түпкілікті өзіндік құны «Тауарлық балық өсіру» қосалқы шотында қалыптастырылады, онда балық тоғандарында өсірумен байланысты барлық шығыстарды жинайды. Оны жылдық өнімдердің өзіндік құнын және оларды өсіруге жұмсалатын шығындарды, тіпті сату немесе қайта өңдеуге беру үшін аулауға дейін қосу жолымен есептейді. Тауарлық балықтың калькуляциялық бірлігінің өзіндік құны көрсетілген шығыс сомасын ауланған балықтың центнерлерінің санына бөлумен есептеледі. Толық жүйе шаруашылықтарында жыл соңында 8110-шот бойынша негізгі өндіріс қалады, оған қыстайтын тоғандардағы бір жылдық балықтардың құны жатады. Сондықтан барлық шығындарды бір жылдық балықтар мен тауарлық балықтардың құнына немесе балықтардың әрбір санатына жеке бөледі. Осылайша, әрбір объект бойынша балық өсіру кәсіпорнының бухгалтері өзіндік құнын жеке анықтауға тиіс. Ал шабактардың өзіндік құнын есептеу бірлігі үшін мың дана алынады. Барлық қалған санаттар салмақтың центнеріне шаққанда калькуляцияланады. Жоғарыда айтылғандарды есепке ала отырып, балық өндіруші шаруашылықтарда бухгалтерлік есепті ұйымдастыру кезінде, сондай-ақ есеп саясатын құру кезінде балық өсірудің салалық ерекшеліктерін ескеру қажет екендігі айқын болады [5, 47 б.].

Балық шаруашылығы өнімдерін өндіруге арналған шығындар 8110 «Негізгі өндіріс» синтетикалық шотында, 2-субшот «Мал шаруашылығы» қосалқы шотында есепке алынады, оның дебеті бойынша балық өсіру өнімдерін шығаруға тікелей байланысты тікелей шығындар, қосалқы өндірістердің шығыстары, негізгі өндірісті басқаруға және оған қызмет көрсетуге байланысты жанама шығындар және балықтың жойылуынан болған шығындар, сондай - ақ аяқталмаған өндіріс, ал кредит бойынша-өндіріспен аяқталған өнімнің нақты өзіндік құны көрсетіледі. Тоған балық өсіру өнімінің өзіндік құнын калькуляциялау және шығындарды бухгалтерлік есепке алу жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың жобасына сәйкес балық өсіру өнімдерін өндіруге байланысты шығындарды әрбір тоған бөлігінде жеке есепке алуды ұсынады, 8110 «Негізгі өндіріс» синтетикалық шотының 2 «Мал шаруашылығы» қосалқы шотына ашылатын мынадай талдамалы шоттар бойынша: 8110.2.1 «Тұқымдық балықтарды ұстау»; 8110.2.2 «Балықтардың аналық табынын өсіру және ұстау»; 8110.2.3 «Шабактарды өсіру»; 8110.2.4 «Қыстайтын тоғандарда бір жылдық балықтарды (жылдық балықтарды) ұстау»; 8110.2.5 «Екі жылдық балықтарды өсіру»; 8110.2.6 «Тауарлық балықтарды өсіру»; 8110.2.7 «Қыстайтын тоғандарда тауарлық балықтарды ұстау» [6, 11 б.].

Серіктестік өсірген балықтарды теңізге жіберу үшін арнайы келісілген жеке кәсіпкердің жауапты адамына қабылдау-өткізу актісі арқылы өткізеді. 2018 жылы 17 мамыр толтырылған №5 қабылдау-өткізу актісі толтырылған [6, 64 б.].

Әдетте, толық емес жүйе шаруашылықтары тек осы шотпен шектеледі. Ал толық жүйелі балық шаруашылығы осы аналитикалық шотқа екінші реттегі аналитикалық шоттарды ашуға тән. Олар былай деп аталады:

- 2510.1 тұқымдық балықтарды немесе аналық тоғанды ұстау;
- 2510.2 шабақтарды өсіру (уылдырық шашу тоғаны);
- 2510.3 шабақтарды өсіру (өсірілген тоған);
- 2510.4 бір жылдықты өсіру (қыстық тоған);
- 2510.5 тауарлық балықтарды өсіру (тоған) [6,93 б.].

Шығындарды тек шабақтар мен тауарлық балық арасында бөлуге рұқсат етіледі.

Серікестіктегі бекіре балықтарын топтан топқа ауыстыру корреспонденциялары бухгалтерлік есепке байланысты шот жазбалары келесі 3 кестеде келтірілген.

1 кесте - Балық шаруашылығындағы бухгалтерлік есепке байланысты шот жазбалары

№ р/с	Операцияның атауы	Дебет	Кредит	Сомасы, теңге
1	2	3	4	5
1	2 айлық бекіре шабақтарын Каспий теңізіне жіберу үшін «НУР» ЖК өткізілді	2510.2	3310	135000
2	Бір жылдық шабақтарға өсірілген тоғандардан ауыстыру	2510.4	2510.3	310000
3	2 жылдық бекіре балығын тауарлық балықтарға ауыстыру	2510.5	2510.4	350000
4	Тауарлық балықтарды тоңазытқышқа жіберу	1320	2510.5	350000
5	2 жылдық аналықтарды аналық тоғанға ауыстыру	2510.1	2510.4	275000
6	Аналық бекіренің уылдырықтарынан шабақтар алынуы	2510.2	6010	312000

1 кестеде серіктестікте бухгалтерлік есептік операциялары берілген, 2 айлық бекіре шабақтарын Каспий теңізіне жіберу үшін «НУР» жеке кәсіпкеріне өкізілгенде 2510.2 шоты дебеттеліп, 3310 шоты кредиттеледі. Бір жылдық шабақтарға өсірілген тоғандардан ауыстыру кезінде 2510.4 шоты дебеттеліп, 2510.3 шоты кредиттеледі. 2 жылдық бекіре балығын тауарлық балықтарға ауыстыру операциясы кезінде 2510.5 шоты дебеттеліп, 2510.4 шоты кредиттеледі. Аналық бекіренің уылдырықтарынан шабақтар алыну операциясы 2510.2 шоты дебеттеліп, 6010 шоты кредиттеліп жазылады.

Балық өсірудегі шығындарды бастапқы есепке алуға қойылатын маңызды талап шаруашылық операцияларды бастапқы құжаттама жүйесінде толық көрсету болып табылады. Саладағы шығындарды есепке алуды дұрыс және нақты қою бұл өндірісті тиімді жүргізудің маңызды шарты.

Келесі 2 кестеде балық шаруашылығындағы бухгалтерлік есепке байланысты шот жазбалары жазылған.

2 кесте - Балық шаруашылығындағы бухгалтерлік есепке байланысты шот жазбалары, теңге

№ р/с	Операцияның атауы	Дебет	Кредит	Сомасы
1	2	3	4	5
1	Тоңазытқыштан тауарлық балықтар тапсырыс берушілерге сатылды	7010	1320	135900
2	Бір жылдық шабақтар өткізілді	7010	2510.4	240400
3	2 жылдық бекіре балығын балықтары құлау себебінен есептен шығарылды	7470	2510.4	36000
4	Тауарлық балықтар үшін шот фактура жазылып берілді	1210	6010	250000
5	Шоттар жабылуы:			
	- шығын	5710	7010	135900
		5710	7470	36000
	- табыс	6010	5710	250000
6	Қаржылық нәтиже: пайда	5710	5610	78100

2 кестеде серіктестіктің бухгалтерлік жазбалары келтірілген. Тоңазытқыштан тауарлық

балықтар тапсырыс берушілерге сатылған кезде 7010 шоты дебеттеліп, 1320 шоты кредиттеліп жазылады. Бір жылдық шабақтар өткізілгенде 7010 шоты дебеттеліп, 2510.4 шоты кредиттеледі. 2 жылдық бекіре балықтары құлау себебінен есептен шығарылды, есептен шығару кзінде 7470 шоты дебеттеліп, 2510.4 шотты кредиттеледі. Тауарлық балықтар үшін шот фактура жалып беріледі, ол операцияда 1210 дебеттеліп, 6010 шоты кредиттеледі. Осы операцияларды орындай отырып, шығын шоттары жабылып бухгалтерлік жазбасы келесідей жазылады. Шығын 5710 шоты дебеттелелі, 7010 кредиттеледі, 5710 дебеттеледі, 74170 кредиттеледі, табыс 6010 шоты дебеттеледі, қаржылық нәтиже: пайда 5710 дебет, 5610 кредит.

Кез келген ұйымда бухгалтерлік есеп жұмысын жүргізу экономикалық мәселелердің негізгі және басты қажеттілігі болып табылады. Бухгалтерлік есеп арқылы өндірілген өнімді есепке алуға, сатып өткізуге, айырбастауға және одан түскен қаржыны тиімді де ұқыпты етіп бөліп жұмсауға, яғни кәсіпорындағы шаруашылық процестердің барлығын басынан соңына дейін есептеуге болады. Осы айтылғандарға сәйкес ұйымдағы экономикалық процестердің, сондай-ақ шаруашылық операцияларының барлығының есепке алынуы экономикалық талапқа сай бухгалтерлік есептің негізі болып табылады .

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мусаева А.А., Альдешова С.Б. Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп. Оқу құралы. - Атырау:Ақжайық, 2014.- 200 б.
2. Сеидахметова Ф. С. Документирование и инвентаризация бухгалтерского учета. Учебное пособие.- Алматы, 2001.- 254 с.
3. Радостовец В.В. Теория и отраслевые особенности бухгалтерского учета.- Алматы, 2000.- 350 с.
4. Рахимбекова Р.М. Финансовый учет на предприятии. Учебник.- Алматы: Экономика, 2005.- 290 с.
5. Нурсейтов Э.О. Бухгалтерский учет в организациях. Учебное пособие.- Алматы: LEM, 2008.- 278 с.
6. Кеулімжаев К.К., Радостовец В.К., Төлегенов Е.Т., Продан Л.Г. Ауыл шаруашылық кәсіпорындағы бухгалтерлік есеп.-Алматы: Қайнар, 2004.- 301 б.